

**«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музейі» РМҚК және
Түркістан этнопедагогикалық колледжі арасындағы ынтымақтастық туралы**

МЕМОРАНДУМ

Осы меморандум «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК (бұдан әрі - музей) және Түркістан этнопедагогикалық колледжі (бұдан әрі - колледж) арасындағы бірлескен қызметінің мазмұны мен тәртібін анықтайды

1 Бірлескен қызметтің мақсаты:

- 1.1. Елбасы Н. Ә. Назарбаев өзінің "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты бағдарламалық мақаласында көрсеткендей – халықтың, әсіресе жастардың санасына жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіру;
- 1.2. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы мен «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында көрсетілген жаппай оқу орындарындағы туризмді қайта жаңғырту шараларын іске асыру.

2 Бірлескен қызметтің бағыты:

- 2.1. Жастарды туған елінің терең тарихы мен таныстырып, көрнекті орындарын насихаттау;
- 2.2. Оқу орындарында танымдық сұхбат құрып студенттердің ой-өрісінің кеңеюіне үлес қосып, тұлғалық қасиетінің қалыптасуына ықпал ету, табиғатты аялауға баулып, отаншылдық сезімдерін күшейту;
- 2.3. Жастардың жеке бас қабілетінің жанжақты дамуына ықпал етіп, даралығын дамыту, болмысқа шығармашылық тұрғыда қарау дағдысын қалыптастыру.

3 Музейдің міндеттері:

- 3.1. Музей колледж студенттеріне арнап лекция мен көрмелер ұйымдастырады;
- 3.2. Өз тарапынан бірлескен қызметтің жұмысын ұйымдастыруға жауапты тұлға тағайындайды;
- 3.3. Колледжде музейдің қорындағы жәдігерлерді пайдалана отырып экспозиция құрады, экскурсия жүргізеді;
- 3.4. Лекциялар барысында көрнекілік құралдарын пайдаланады, слайд пен презентациялар жасайды;
- 3.5. Іс-шараларды колледж басшылығымен алдын ала келісілген уақытта өткізеді;
- 3.6. Колледжде және музейде бірлескен іс-шаралар ұйымдастырады.

4. Колледждің міндеттері:

- 4.1 Колледж бірлескен қызметті бақылау мақсатында өз тараптарынан жауапты тұлға тағайындайды;
- 4.2. Музей қызметкерлерін көрме құратын залмен қамтамасыз етеді;

4.3. Презентация жасауға қажетті мультимедиялық, компьютерлік техникамен қамтамасыз етеді.

V. Осы Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енеді, 3 жыл мерзімге жасалады және Тараптардың бірі екінші Тараптың оның қолдансын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап 1 (бір) ай өткенге дейін күшінде болады.

VI. Осы Меморандум Түркістан қаласында 2019 жылғы « 19 » 08 , екі данада, қазақ тілінде жасалды, бұл ретте барлық мәтіннің күші бірдей.

«Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік
тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК
директордың ғылым істері жөніндегі
орынбасары
Тастанбек Мұрат Мейірбекұлы



Түркістан этнопедагогикалық колледжі
директоры Серім Айғаным Абанқызы

